

"Жіті ішек инфекцияларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 5 қазандығы № ҚР ДСМ-111 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қазанда № 30078 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Жіті ішек инфекцияларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

A. Финият

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі

бұйрығына

1-қосымша /

**"Жіті ішек инфекцияларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды үйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары**

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "Жіті ішек инфекцияларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды үйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және жіті ішек инфекцияларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды үйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) байланыста болған адам – инфекция қоздырғышының көзімен байланыстағы және (немесе) байланыста болған адам;

2) бактериофагтар – бактериялық жасушаны закымдауға және оны ерітуге қабілетті бактерия вирустары;

3) бактерия тасымалдаушылық – адамның немесе жануардың организмінде сақталуымен және қоршаған ортаға инфекциялық (паразиттік) аурудың қоздырғышын бөлүмен сипатталатын, аурудың клиникалық белгілері жоқ инфекциялық процестің нысаны;

4) дезинсекция – адамды, жануарларды, үй-жайлар мен аумақты жәндіктер мен буынайқтылардан қорғау мақсатында оларды жою жөніндегі профилактикалық және қырып-жою іс-шараларының кешені;

5) дезинфекция – сыртқы ортада инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын жоюға бағытталған арнайы іс-шаралар кешені;

6) дератизация – кеміргіштерді жоюға немесе олардың санын азайтуға бағытталған профилактикалық және қырып-жою іс-шаралары кешені;

7) дизентерия – көбіне тоқ ішектің сілемейлі қабығы зақымдалатын шигелла (Shigella) түтінің микробы тудыратын инфекциялық ауру. Клиникалық түрде ауру уланумен және түйіліп ауыру синдромының болуымен сипатталады;

8) жіті ішек инфекциялары – асқазан-ішек жолының зақымдалуымен сипатталатын, патогенді және шартты патогенді бактериялар, вирустар тудыратын инфекциялық аурулар;

9) инкубациялық кезең – инфекция қоздырғышы организмге түскен сәттен бастап аурудың алғашқы симптомдары пайда болғанға дейінгі уақыттың бөлігі;

10) инфекциялық немесе паразиттік ауру ошағы – инфекция қоздырғышы науқастан сезімтал адамдарға беріле алатын шектерде оны қоршаған аумағы бар, инфекциялық немесе паразиттік аурумен ауыратын науқастың болатын орны;

11) паратифтер – аш ішектің лимфа жүйесінің жарамен зақымдалуымен, бактериемиямен, жалпы улану белгілері бар циклдық ағымымен, қоздырғыштың көбіне тағам және су жолдарымен іске асырылатын нәжіс-ауыз арқылы берілу тетігімен сипатталатын, ұзақ уақыт бактерия тасымалдаушылықты қалыптастыруға қабілетті сальмонелла түрінің (Salmonella paratyphi (сальмонелла паратифи) бактериялары тудыратын бактериялық жіті инфекциялық аурулар;

12) ретроспективті эпидемиологиялық талдау – эпидемияға қарсы іс-шараларды перспективалық жоспарлауды негіздеу мақсатында алдағы ұзақ уақыт аралығындағы инфекциялық сырқаттанушылықтың деңгейін, құрылымы мен динамикасын талдау;

13) реконвалесцент – сауығу сатысындағы науқас адам;

14) сальмонеллез – симптомсыз бактерия тасымалдаушылықтан бастап ауыр септикалық нұсқаларына дейін клиникалық белгілерінің көптүрлілігімен сипатталатын, сальмонелла түрінің қоздырғыштары нәжіс-ауыз арқылы тетікпен берілетін полииатиологиялық жіті инфекциялық аурулардың тобы. Көбіне жіті гастроэнтерит түрінде өтеді;

15) санация – организмді сауықтыру бойынша мақсатқа бағытталған емдеу-профилактикалық шараларын жүргізу;

16) фаготип – бактериофактардың типтік жиынына бірдей сезімталдықты сипаттайтын бактериялық штамдар жиынтығы;

17) халықтың декреттелген тобы – айналасындағыларға инфекциялық және паразиттік ауруларды жүқтүру үшін барынша қауіп төндіретін халыққа қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін адамдар;

18) іш сүзегі – аш ішектің лимфа жүйесінің жарамен зақымдалуымен, бактериемиямен, жалпы улану белгілері бар циклдық ағымымен, қоздырғыштың су, тағам және тұрмыстық жолдарымен іске асырылатын нәжіс-ауыз арқылы берілу тетігімен, кездейсоқ таралумен сипатталатын, сондай-ақ ұзақ уақыт бактерия тасымалдаушылықты қалыптастыруға қабілетті сальмонелла түрінің (Salmonella Typhi (сальмонелла тифи) бактериялары тудыратын бактериялық инфекциялық ауру.

**2-тaraу. Жіті ішек инфекцияларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

3. Жіті ішек инфекцияларымен сырқаттанушылықты эпидемиологиялық қадағалау мынадай:

1) профилактикалық іс-шаралардың тізбесін, көлемін және жүргізу мерзімін негіздеу, ұзақ мерзімдік бағдарламалық-нысаналы жоспарлау мақсатында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) жыл сайын жүргізетін жіті ішек инфекцияларымен сырқаттанушылықтың ретроспективті эпидемиологиялық талдауы;

2) сырқаттанушылықтың көтеріліп басталуын уақтылы анықтау, оның себептерін анықтау және шұғыл санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу үшін аумақтық бөлімшелер ай сайын жүргізетін жіті ішек инфекцияларымен сырқаттанушылықты жедел эпидемиологиялық талдау іс-шараларын қамтиды.

Апталар, айлар бойынша ағымдағы сырқаттанушылық өсу қорытындысымен салыстыру, осы әкімшілік-аумақтық бірлікке тән аурудың бақылау деңгейімен салыстыру жүргізіледі.

4. Ішек инфекцияларымен ауыратын науқастарды және ауруға күдіктілерді медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлері амбулаториялық қабылдау, медициналық тексеріп-қарау, динамикалық бақылау және үйге бару кезінде анықтайды.

Диагноз аурудың клиникалық белгілері, зертханалық зерттеулер деректері, эпидемиологиялық анамнезі негізінде қойылады. Жіті ішек инфекцияларымен ауыратын науқасты немесе олардың қоздырғышын тасымалдаушыны анықтаған (оның ішінде диагнозды өзгертуен кездे) медициналық ұйым аумақтық бөлімшеге "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға инфекциялық аурулар, улану оқиғалары туралы ақпарат (шұғыл хабархат) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 26 қазанды № ҚР ДСМ-153/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21532 болып тіркелген) сәйкес шұғыл хабархат жібереді.

5. Жіті ішек инфекцияларымен ауыратын науқастарды және дизентерия қоздырғыштарын тасымалдаушыларды уақтылы анықтау үшін халықтың мына санаттарына:

- 1) медициналық ұйымдарға жүгінген кезде жіті ішек инфекцияларына күдікті науқастарға;
- 2) стационарға түсу кезінде психикалық денсаулық саласындағы медициналық көмек көрсететін ұйымдардың пациенттеріне;

3) мектеп-интернаттарға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарға және сәбилер үйлеріне ресімдеу кезінде балаларға;

4) медициналық-әлеуметтік мекемелерге ресімдеу кезінде қызмет алушыларға;

5) ішек инфекциясымен ауырып сауыққан реконвалесценттерге ішек тобына бір рет зертханалық зерттең-қарау жүргізіледі.

6. Инфекциялық немесе паразиттік ауру қоздырғышын сәйкестендіру және ошақ өлшемдерін белгілеу мақсатында қоздырғышының болжалды берілу жолдары мен факторларын есепке ала отырып, дәрігер-эпидемиолог айқындайтын зертханалық зерттеулер жүргізіледі.

7. Ошақтық ағымдық дезинфекцияны медициналық ұйымның медицина қызметкери ұйымдастырады, ал оны науқасқа күтім жасайтын адам, реконвалесценттің өзі немесе бактерия тасымалдаушы жүргізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда, мектеп-интернаттарда, сәбилер үйлерінде, медициналық-әлеуметтік мекемелерде жіті ішек инфекцияларымен сырқаттану тіркелген кезде санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары және медициналық ұйымдар қорытынды дезинфекция жүргізеді.

8. Жіті ішек инфекциялары мен сальмонеллез ошақтарын эпидемиологиялық зерттең-қарау:

1) қоғамдық тамақтану және азық-түлік саудасы, сумен жабдықтау объектілерінің, мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ тамақ өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және өткізумен байланысты кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар жіті ішек инфекцияларымен, сальмонеллезben сырқаттанған кезде;

2) мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарға, мектеп-интернаттарға, сәбилер үйлеріне және медициналық-әлеуметтік мекемелерге баратын балалар сырқаттанған кезде;

3) психикалық денсаулық саласындағы медициналық көмек көрсететін ұйымдардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың, сәбилер үйлерінің, медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкерлері сырқаттанған кезде;

4) бір инкубациялық кезең ішінде бір ошақта үш және одан да көп адамның сырқаттану жағдайы тіркелген кезде жүргізіледі.

9. Жіті ішек инфекцияларымен сырқаттанушылықтың бақылау деңгейлері артқан кезде ошақтарды үй бойынша зерттең-қарау қажеттілігін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (көліктегі) бас мемлекеттік санитариялық дәрігері эпидемиологиялық жағдайды және жедел эпидемиологиялық талдау нәтижелерін ескере отырып, "Халық

денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 38-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес айқындайды.

10. Ошақтарды эпидемиологиялық зерттеп-қарау кезінде аумақтық болімшениң маманы халықтың декретtelген тобы қатарынан және екі жасқа дейінгі балалар қатарынан зертханалық зерттеп-қарауға жататын адамдарды, байланыста болған адамдардың тобын, зертханалық зерттеулер тізбесі мен көлемін айқындау, зертханалық зерттеп-қарау үшін тамақ өнімдерін, су сынамаларын, шайындыларды алуды жүргізіледі.

11. Ішек инфекциясының көзі болып табылатын, сондай-ақ міндетті медициналық қарап-тексеруден уақтылы өтпеген халықтың декретtelген топтары зертханалық зерттеудің теріс нәтижесін және толық санациядан өткенін растайтын маман қорытындысын алынғанға дейін және міндетті медициналық қарап-тексеруден өткенге дейін жұмыстан уақытша шеттетіледі.

12. Байланыста болған адамдарды медициналық бақылауды байланыста болған адамның тұрғылықты, жұмыс, оқу, демалыс орны бойынша медицина қызметкери жүргізеді.

Медициналық бақылау нәтижелері Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы "№ ҚР ДСМ 175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ 175/2020 бұйрығы) № 001/е нысаны бойынша стационарлық пациенттің медициналық карталарында және № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық карталарында жазылады.

Медициналық бақылау ұзақтығы күнтізбелік жеті күнді құрайды және саулнаманы, тексеріп-қарауды, термометрияны қамтиды.

13. Инфекциялық немесе паразиттік ауру ошағынан алынған материалды зерттеуді санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің ұйымдары жүргізеді.

14. Байланыста болған адамдарды зертханалық қарап-тексеру емдеу тағайындалғанға дейін жүргізіледі.

15. Жіті ішек инфекцияларымен ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу клиникалық және эпидемиологиялық көрсетімдері бойынша жүргізіледі.

16. Жіті ішек инфекцияларымен ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу үшін клиникалық көрсетімдер мыналар:

- 1) жасқа толмаған екі айлыққа дейінгі балалардағы аурудың барлық түрлері;
- 2) баланың жасына қарамастан қатты сузызданумен қоса жүретін ауру түрлері;
- 3) ілеспелі патологиядан асқынған ауру түрлері;
- 4) әртүрлі дәрежедегі сузызданумен қоса жүретін созылмалы диарея;

5) дизентерияның созылмалы түрлері (асқынған жағдайда).

17. Жіті ішек инфекцияларымен ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу үшін эпидемиологиялық көрсетімдер мыналар:

1) науқастың тұрғылықты жері бойынша қажетті эпидемияға қарсы режимді сақтау мүмкіндігінің болмауы (әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар, жатақханалар, казармалар, коммуналдық пәтерлер);

2) медициналық ұйымдардағы, мектеп-интернаттардағы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардағы, сәбилер үйлеріндегі, санаторийлердегі, медициналық-әлеуметтік мекемелердегі, жазыс сауықтыру ұйымдарындағы сырқаттану жағдайлары.

18. Дизентерия және жіті ішек инфекцияларынан кейінгі реконвалесценттерді ауруханадан шығару толық клиникалық сауыққаннан кейін жүргізіледі.

Дизентерия және жіті ішек инфекцияларынан кейінгі реконвалесценттерді бір рет бактериологиялық зерттең-қарау амбулаториялық жағдайларда ауруханадан шыққаннан кейін күнтізбелік жеті күн ішінде, бірақ антибиотик терапиясы ( антибиотиктермен емдеу) аяқталғаннан кейін күнтізбелік екі күннен соң жүргізіледі.

19. Жіті дизентериядан сауыққаннан кейін диспансерлік бақылауға мыналар жатады :

1) қоғамдық тамақтану, азық-тұлік саудасы, сумен жабдықтау объектілерінің, сондай-ақ тамақ өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және өткізумен байланысты кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар;

2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардағы, сәбилер үйлеріндегі, мектеп-интернаттардағы, медициналық-әлеуметтік мекемелердегі және мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар;

3) психикалық денсаулық саласындағы медициналық көмек көрсететін ұйымдардың , жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың, сәбилер үйлерінің, медициналық-әлеуметтік мекемелердің және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері.

20. Жіті дизентериядан сауыққаннан кейін медициналық бақылау емдеу аяқталғаннан кейін бір айдың ішінде жүргізіледі, емдеудің соңында бір рет бактериологиялық зерттең-қарау жүргізіледі.

21. Участекелік дәрігерге бару жиілігі клиникалық көрсетімдер бойынша айқындалады.

22. Медициналық бақылауды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық қызметкер жүзеге асырады.

23. Ауру қайталанған жағдайда немесе зертханалық зерттең-қарау нәтижесі он болған кезде дизентериямен ауырып сауықкан адамдар емдеуден қайта өтеді. Емдеу аяқталғаннан кейін ауырып сауықкан адамдар үш ай бойы ай сайын зертханалық зерттең-қараудан өтеді. Бактерия тасымалдаушылық үш айдан астам жалғасып келе

жатқан адамдар дизентерияның созылмалы түрімен ауыратын науқастар ретінде емделеді.

24. Халықтың декретtelген тобына жататын адамдарды жұмыс беруші мамандығы бойынша жұмыс істеуге клиникалық және бактериологиялық зерттеп-қарау нәтижелерімен расталған кезде толық сауықканнан кейін жібереді.

Созылмалы дизентериямен ауыратын адамдар эпидемиологиялық қауіп төндірмейтін тاماқ өнімдерімен және сумен жабдықтаумен байланысты емес жұмысқа ауыстырылады.

25. Созылмалы дизентериямен ауыратын адамдар емдеу аяқталғаннан кейін бір жыл бойы динамикалық бақылауға жатады. Созылмалы дизентериямен ауыратын адамдарды бактериологиялық зерттеп-қарауды және тексеріп-қарауды ай сайын инфекционист дәрігер жүргізеді.

26. Сальмонеллезге бактериологиялық зерттеп-қарауға халықтың мына санаттары жатады:

1) тәулік бойы жұмыс істейтін стационарға келіп түсетін екі жасқа толмаған балалар;

2) тәулік бойы жұмыс істейтін стационарға емдеуге жатқызылған науқас баланы күтетін ересектер;

3) тәулік бойы жұмыс істейтін стационарға түскен кезде немесе емдеуге жатқызылғанға дейін алдыңғы үш апта бойы ішек функциясының бұзылуы болған босанатын әйелдер, босанған әйелдер;

4) тәулік бойы жұмыс істейтін стационарда болған кезде ішек функциясының бұзылуы пайда болғанда диагнозына қарамастан барлық науқастар;

5) сальмонеллез ошағында инфекцияның болжамды көзі болуы мүмкін, халықтың декретtelген топтарының арасындағы адамдар;

6) сауықтыру объектілеріне баратын балалар.

27. Сальмонеллезben ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу клиникалық және эпидемиологиялық көрсетімдері бойынша жүргізіледі.

28. Сальмонеллезben ауырған реконвалесценттер ауруханадан толық клиникалық сауықканнан кейін және нәжістің бактериологиялық зерттеуі бір рет теріс болған жағдайда шығарылады. Зерттеуді емдеу аяқталғаннан кейін күнтізбелік үш күннен өрте жүргізбейді.

29. Сальмонеллезben ауырып сауықканнан кейін диспансерлік бақылауға мыналар жатады:

1) қоғамдық тاماқтану, азық-түлік саудасы, тاماқ өнеркәсібі объектілерінің қызметкерлері;

2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған ұйымдардың, сәбилер үйлерінің, мектеп-интернаттардың балалары;

3) психикалық денсаулық саласындағы медициналық көмек көрсететін ұйымдардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған ұйымдардың, сәбілер үйлерінің, медициналық-элеуметтік мекемелердің қызметкерлері.

30. Сальмонеллезben ауырып сауықкан адамдарды диспансерлік бақылауды олардың жалпы жағдайын, шағымдарын, нәжісінің сипаттын бағалау және термометрия жүргізу арқылы, үш рет клиникалық тексеріп-қарау арқылы (оныншы, жиырмасыншы, отызыншы күні) бір ай бойы тұрғылықты жері бойынша инфекциялық аурулар кабинетінің дәрігері немесе учаскелік дәрігер жүзеге асырады.

31. № КР ДСМ 175/2020 бұйрығымен бекітілген № 027/e нысаны бойынша дәрігер инфекционистің анықтамасы ұсынылған сэттен бастап халықтың декретtelген тобына жататын реконвалесценттерді жұмыс беруші мамандығы бойынша жұмыс істеуге жібереді.

32. Емдеу аяқталған соң сальмонелла бөлуді жалғастыратын балаларды емдеуші дәрігер күнтізбелік он бес күнге мектепке дейінгі ұйымға барудан шеттеді, осы кезеңде нәжіске бір-екі күн аралықпен үш рет зерттеу жүргізіледі. Оң нәтиже қайталанған жағдайда шеттетудің және зерттеп-қараудың осындай тәртібі тағы он бес күн бойы қайталанады.

33. Мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған ұйымдарда, мектеп-интернаттарда, сәбілер үйлерінде, медициналық-элеуметтік мекемелерде сальмонеллезben сырқаттанушылық тіркелген кезде санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің ұйымдары қорытынды дезинфекция жүргізеді.

34. Халықтың іш сүзегі және паратифпен сырқаттанушылығын мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу мыналарды қамтиды:

1) елді мекендердің, өсіресе халықтың сүзек-паратифоз инфекцияларымен сырқаттанушылығы бойынша қолайсыз елді мекендердің санитариялық жағдайы туралы ақпаратты талдау;

2) халық арасында тәуекел топтарын айқындау;

3) науқастардан және бактерия тасымалдаушылардан бөлінетін өсірінділердің фаготиптерін айқындау;

4) бактерия тасымалдаушыларды, өсіресе тамақ кәсіпорындарының қызметкерлері мен халықтың декретtelген топтарына жататын адамдар қатарынан бактерия тасымалдаушыларды анықтау және санациялау мақсатында іш сүзегімен және паратифтермен ауырып сауықкан адамдарды есепке қою және медициналық бақылау;

5) санитариялық-профилактикалық және санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жоспарлау.

35. Іш сүзегі және паратифтердің алдын алу үшін санитариялық-профилактикалық іс-шаралар қоздырғыштардың су, тамақ арқылы берілуінің алдын алатын санитариялық-гигиеналық іс-шараларды жүргізуге бағытталған.

36. Жұмысқа жіберу алдында халықтың декретtelген топтарына жататын адамдар дәрігердің қарап-тексеруінен кейін іш сүзегіне және паратифке бір рет бактериологиялық және серологиялық тексеруге жатады. Олар бактериологиялық зерттең-қараудың нәтижесі теріс болғанда және қарсы көрсетімдер болмаған жағдайда жұмысқа жіберіледі.

Зертханалық зерттең-қараудың оң нәтижесі анықталған адамдар бактерия тасымалдаушылар ретінде қаралады. Оларды емдеу, есепке алу жүргізіледі, оларға медициналық бақылау орнатылады. Кодекстің 102-бабының 4-тармағына сәйкес аумақтық бөлімшелер бактерия тасымалдаушыларды эпидемиялық қауіп төндіретін жұмыстан шеттетеді.

37. Іш сүзегіне қарсы вакцинациялау "Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

38. Іш сүзегі немесе паратифтер ошақтарында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) сауалнама алу, қарап-тексеру, қызуын өлшеу және зертханалық зерттең-қарау арқылы барлық науқастарды анықтау;

2) іш сүзегімен және паратифтермен ауыратын барлық науқастарды уақтылы оқшаулау;

3) бұрын іш сүзегімен және паратифтермен ауырған адамдарды, халықтың декретtelген топтарын, жұқтыру қаупіне ұшыраған (жұқтыруға күдікті тамақ өнімдерін немесе суды қолданған, науқастармен байланыста болған) адамдарды анықтау және зертханалық зерттең-қарау жүргізу;

4) халықтың декретtelген топтарына жататын адамдарда бір рет сырқаттану болған ошақта нәжіске бір рет бактериологиялық зерттеу және серологиялық әдіспен қанның сарысуын зерттеу жүргізіледі. Серологиялық зерттеу нәтижесі оң болған адамдардың нәжісіне және несебіне бес рет қайта бактериологиялық зерттеу жүргізіледі;

5) топтық аурулар пайда болған жағдайда болжалды инфекцияның көзі болып табылатын адамдарға зертханалық зерттең-қарау жүргізіледі. Зертханалық зерттең-қарау кемінде күнтізбелік екі күн аралықпен нәжісі мен несебін үш рет бактериологиялық зерттеуді және серологиялық әдіспен қан сарысуын бір рет зерттеуді қамтиды. Серологиялық зерттеу нәтижесі оң болған адамдарға кемінде күнтізбелік екі күн аралықпен қосымша бес рет нәжісі мен несебін бактериологиялық зерттеу жүргізіледі, ал осы зерттең-қарау нәтижелері теріс болғанда – өті бір рет зерттеледі;

6) аумақтық бөлімшелер Кодекстің 102-бабының 4-тармағына сәйкес іш сүзегімен немесе паратифпен ауырған науқаспен үйінде байланыста болған, халықтың декретtelген топтарына жататын адамдар нәжісін, несебін бір рет бактериологиялық зерттеудің және серологиялық зерттеудің теріс нәтижелері алынғанға дейін жұмыстан уақытша шеттетіледі;

7) жұқтыру тәуекеліне ұшыраған адамдар зертханалық зерттеп-қараумен қатар күнделікті дәрігердің медициналық тексеріп-қарауы арқылы және іш сүзегі кезінде күнтізбелік жиырма бір құн бойы және паратиф кезінде соңғы науқас оқшауланған сәттен бастап күнтізбелік он төрт құн бойы қызыын өлшеу арқылы медициналық бақылауда болады;

8) іш сүзегімен және паратифтермен ауыратын анықталған науқастар мен бактерия тасымалдаушылар тез арада оқшауланады және зерттеп-қарау және емдеу үшін медициналық ұйымдарға жіберіледі.

39. Іш сүзегі мен паратифтердің ошақтарындағы жедел профилактика эпидемиологиялық жағдайға байланысты жүргізіледі. Іш сүзегі ошақтарында бар болған жағдайда іш сүзегі бактериофагы, паратифтер кезінде поливалентті сальмоноллез бактериофагы тағайындалады. Бактериофагты бірінші рет тағайындау бактериологиялық зерттеп-қарау үшін материалды алғаннан кейін жүргізіледі. Бактериофаг сондай-ақ реконвалесценттерге де тағайындалады.

40. Іш сүзегі мен паратифтер ошақтарында мынадай дезинфекциялау іс-шаралар жүргізіледі:

1) ошақтық ағымдық дезинфекция науқас анықталған сәттен бастап емдеуге жатқызылғанға дейінгі кезеңде, реконвалесценттерде ауруханадан шыққаннан кейін үш ай бойы жүргізіледі;

2) ошақтық ағымдық дезинфекцияны медициналық ұйымның медицина қызметкері ұйымдастырады, ал оны науқасқа күтім жасайтын адам, реконвалесценттің өзі немесе бактерия тасымалдаушы жүргізеді;

3) ошақтық қорытынды дезинфекцияны санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің ұйымдары Кодекстің 107-бабының 4-тармағына сәйкес дезинфекция, дезинсекция және дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен регламентtelген мерзімдерде жүргізеді;

4) медициналық ұйымда іш сүзегімен немесе паратифпен ауыратын науқас анықталған жағдайда науқасты оқшаулағаннан кейін ол болған үй-жайларға осы ұйымның персоналының күшімен қорытынды дезинфекция жүргізеді.

41. Іш сүзегімен және паратифтермен ауыратын науқастар мен бактерия тасымалдаушыларды уақытылы анықтауды, оқшаулауды және емдеуді барлық медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлері клиникалық және зертханалық деректердің негізінде жүзеге асырады.

42. Іш сүзегін диагностикалау кезінде қаннан қоздырғыштың бөлінуі (гемоөсірінді) тиімді болып табылады. Гемоөсіріндіні бөлу үшін қан алу аурудың барлық кезеңінде жүргізіледі. Қанға бірінші себеп антибактериялық терапия басталғанға дейін жүргізіледі. Сондай-ақ диагностикалау үшін нәжіс өсірінділерін, несеп өсірінділерін, өт және қанды зерттеу жүргізіледі.

43. Диагнозы қойылмаған, үш және одан да көп тәулік бойы қызбасы бар науқастар іш сүзегіне зерттеп-қаралады.

44. Іш сүзегімен және паратифтермен ауыратын барлық науқастар инфекциялық стационарға емдеуге жатқызылады.

45. Науқастарды ауруханадан шығару нәжісі мен несебін үш рет бактериологиялық зерттегеннен кейін дене температурасы қалыпты ( $35 - 37^{\circ}\text{C}$ ) болған соң құнтізбелік жиырма бір күннен ерте емес жүзеге асырылады. Нәжіс пен несепті бактериологиялық зерттеу антибиотиктерді тоқтатқаннан кейін құнтізбелік бес күннен соң және содан соң құнтізбелік бес күн аралықпен екі рет жүргізіледі. Бұдан басқа, ауруханадан шыққанға дейін құнтізбелік жеті күн бұрын дуоденальды құрамды себеп жүргізіледі.

46. Іш сүзегімен және паратифтермен ауырып сауықкан барлық науқастар стационардан шыққан соң екі аптада бір рет дене қызуын өлшеу арқылы медициналық бақылауға жатады. Стационардан шыққаннан кейін құнтізбелік он күннен соң реконваленценттерді бактерия тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау басталады, ол үшін кемінде құнтізбелік екі күн аралықпен нәжіс пен несеп бес рет зерттеледі. Уш ай бойы ай сайын бір рет несеп пен нәжіске бактериологиялық зерттеу жүргізіледі.

Стационардан шыққаннан кейін үш айдың ішінде бактериологиялық зерттеудің нәтижесі оң болған жағдайда зерттеп-қаралушы адам жіті тасымалдаушы ретінде бағаланады.

Бақылаудың төртінші айында өт және қан сарысының зерттеледі. Барлық зерттеулердің нәтижелері теріс болған жағдайда ауырып сауықкан адам диспансерлік бақылаудан алынады.

Серологиялық зерттеудің нәтижесі оң болған кезде нәжіс пен несепке бес рет бактериологиялық зерттеу жүргізіледі. Нәтижесі теріс болған жағдайда ауырып сауықкан адамдар бір жыл бойы бақылауда қалдырады.

Стационардан шыққан соң бір жылдан кейін бір рет нәжіс, несеп және қан сарысының бактериологиялық зерттейді. Зерттеу нәтижесі теріс болса ауырып сауықкан адам диспансерлік бақылаудан алынады.

47. Халықтың декретtelген топтарына жататын, іш сүзегімен және паратифтермен ауырып сауықкан адамдар стационардан шыққаннан кейін Кодекстің 102-бабының 4-тармағына сәйкес аумақтық бөлімшелермен жұмыстан шеттетіледі және № ҚР ДСМ 175/2020 бүйрүғымен бекітілген № 027/е нысаны бойынша дәрігер инфекционистің анықтамасы ұсынылған сәттен бастап жұмыс беруші мамандығы бойынша жұмыс істеуге жібереді.

48. Іш сүзегі мен паратифтердің бактерия тасымалдаушылары мынадай санаттарға бөлінеді:

1) транзиторлық бактерия тасымалдаушылар – іш сүзегімен және паратифтермен ауырмagan, бірақ іш сүзегінің немесе паратифтердің қоздырғыштарын бөлетін адамдар;

2) жіті бактерия тасымалдаушылар – ауруханадан шыққаннан кейін үш ай бойы бактерия тасымалдаушылық байқалатын, іш сүзегімен және паратифтермен ауырып сауықкан адамдар;

3) созылмалы бактерия тасымалдаушылар – ауруханадан шыққаннан кейін үш ай немесе одан да көп ай бойы бактерия тасымалдаушылық байқалатын, іш сүзегімен және паратифтермен ауырып сауықкан адамдар.

49. Іш сүзегі мен паратифтердің бактерия тасымалдаушылары арасында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) транзиторлық бактерия тасымалдаушыларда үш ай бойы бес рет нәжісі мен несебіне бактериологиялық зерттеу жүргізіледі. Нәтижесі теріс болғанда өті бір рет зерттеледі. Бақылаудың соңында серологиялық әдіспен қанның сарысының бір рет зерттеледі. Барлық зерттеудің нәтижелері теріс болған кезде бақылаудың үшінші айының соңында олар есептен алынады. Бактериологиялық және серологиялық зерттеулердің нәтижелері оң болған кезде жіті бактерия тасымалдаушылар деп бағаланады;

2) анықталғаннан кейін екі ай бойы жіті бактерия тасымалдаушыларға дене қызының өлшеу арқылы медициналық бақылау жүргізіледі және үш ай бойы нәжісі мен несебіне бір рет бактериологиялық зерттеу жүргізіледі.

Үшінші айдың соңында нәжісі мен несебін бактериологиялық зерттеу – бес рет, өтін – бір рет және қанның сарысының серологиялық зерттеу жүргізіледі.

Бактериологиялық және серологиялық зерттеу нәтижелері теріс болған кезде зерттеп-қаралушы диспансерлік есептен алынады.

Серологиялық зерттеу нәтижесі оң және нәжіс пен несепті бактериологиялық зерттеу нәтижелері теріс болған кезде бір жыл бойы бақылауды жалғастырады. Бір жылдан кейін нәжіс пен несепті цистеинмен бір рет, нәжіс пен несепті бактериологиялық бір рет зерттеу қажет.

Серологиялық зерттеу нәтижесі оң болған кезде нәжіс пен несеп бес рет, өт бір рет зерттеледі.

Зерттеу нәтижелері теріс болған кезде зерттеп-қаралушы диспансерлік бақылаудан алынады.

Нәтижесі оң болған кезде зерттеп-қаралушы созылмалы бактерия тасымалдаушы ретінде бағаланады;

3) созылмалы бактерия тасымалдаушылар аумақтық бөлімшеде есепте тұрады және байланыста болған адамдар арасында және созылмалы бактерия тасымалдаушы тұратын аумақта эпидемиологиялық жағдай асқынған жағдайда тексеруге жатады.

Медицина қызметкерлері созылмалы бактерия тасымалдаушыларды дезинфекциялық ерітінділерді дайындауға, ағымдағы дезинфекциялауға, дұрыс гигиеналық тәртіпке оқытылады;

4) халықтың декретtelген топтарына жататын бактерия тасымалдаушылар аумақтық бөлімшеде тұрақты есепке алынады.

50. Халықтың декретtelген топтарына жататын адамдар отбасы мүшелерінің ішінде біреуінен созылмалы бактерия тасымалдаушылық анықталған жағдайда жұмыстан шеттетілмейді және арнайы бақылауға жатпайды.

бұйрығына  
2-қосымша /

### **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің күші жойылған кейір бұйрықтарының тізбесі:**

1) "Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 126 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16793 болып тіркелген);

2) "Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 126 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының, 2020 жылғы 22 мамырдағы № ҚР ДСМ-55/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20720 болып тіркелген);

3) "Вирустық гепатиттер мен АИТВ инфекциясы бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар " санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № ҚР ДСМ-44 бұйрығының 2 тармағы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22869 болып тіркелген);

4) "Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және олардың асқынулары ( пневмония), менингококк инфекциясы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы, желшешек, скарлатина кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-47 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің күші жойылған кейір бұйрықтарының тізбесінің 1 тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22833 болып тіркелген);

5) "Инфекциялық аурулардың (туберкулез) алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды үйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 28 наурыздағы № ҚР ДСМ-29 бұйрығының 2 тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27348 болып тіркелген).